



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 7M01902- сурдопедагогика бойынша арнайы мамандарды даярлау

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЫҢ МАҚСАТЫ

Бәсекеге қабілетті білім беру ортасында жоғары академиялық стандарттарға сәйкес сурдопедагогика аймағында білімдерді меңгерген, азаматтық көзқарасы бар, заманауи ғылыми және практикалық мәселелерді шеше алатын, арнайы және инклюзивті білім беру жүйесінде педагогикалық, ғылыми зерттеу жұмысын және басқару іс әрекетін жүзеге асыра алатын магистрлерді даярлау.

КӘСІБИ ІС - ӘРЕКЕТІНІҢ АЙМАҒЫ

- білім беру;
- тәрбиелік;
- әдістемелік;
- зерттеушілік;
- әлеуметтік-коммуникативті.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕР I (ОН)

ОН 1- есту қабілеті зақымдалған тұлғаларға білім беру аймағындағы заманауи ғылыми парадимасындағы білімдерін , арнайы педагогикалық -психологиялық зерттеулердің әдіснамалық қағидалары мен әдістемелік қағидаларын көрсетеді;

ОН 2 – заманауи білім беру парадигмасына байланысты педагогикалық ғылымды дамыту бағыты мен жұмыстағы жаңа коцептуальды идеяларды түсініп, қолданады.

ОН 3- арнайы педагогика мен психологиядағы ғылыми зерттеулердің әдістері мен әдістемесін меңгерген, педагогиканың негізгі ғылыми концепцияларын ғылым мен қоғамды дамытудың жалпы мәселелерімен сәйкестендіре алады;

ОН 4-арнайы және инклюзивті білім беру үшін әдістемелік материалдарды жасап, инновациялық, түзетушілік білім беру үрдісін оптимизациялау үшін инновациялық, соның ішінде ақпараттық технологияларды жасайды;

ОН 5 – есту қабілеті зақымдалған балаларды оқытумен және тәрбиелеумен байланысты мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда (басқару, ғылыми –зерттеушілік, ғылыми білім беру, бұқаралық т.б) сәйкес функциональды міндеттерін шешеді;

ОН 6 – есту қабілеті зақымдалған балалардың мәселелері туралы және олардың құқықтарын жүзеге асыруға қоғам санасын жоғарылату бойынша іс- әрекетті жүзеге асырады;

ОН 7 – халықаралық ғылыми бірлестікті дамытуға және орнатуға , өзекті түзетушілік педагогикалық міндеттерді шешу барысында әлеуметтік серіктестермен (соның ішінде шетелдіктермен) өзара әрекетті ұйымдастырады;

ОН 8- арнайы және инклюзивті білім беру жүйесінің педагогикалық жұмысшылары мен ғылыми - педагогикалық кадрларын даярлау аймағында заманауи білім беру саясатының басымдықтары туралы білімдерін көрсетеді.